

# Абайды білмек парыз ойлы жасқа

Қазақ халқының ұлы ақыны, философ, ағартушы, қазақ жазба әдебиетінің негізін қалаушы Абай Құнанбаевқа 170 жыл толуына орай «Арқалық қаласының орталықтандырылған кітапхана жүйесі» оқу залының ұйымдастыруымен «Абайды білмек парыз ойлы жасқа» атты тақырыптық кеш өтті.

Кеш барысында кітап көрмесіне шолу жасалып, Родина орта мектебінің 9 сынып оқушысы Эльвира Мұқанбетқали Абай өлеңдерін нақышына келтіріп оқыды. Минара, Жандос Қадаровтар, Ботагөз Бекболат, Мадина Есімова, Аружан Балтабек викториналық сұрақтарға жауап беруде тапқырлықтарын көрсетті.



Сондай-ақ, осы кешке бір кісідей атсалысқан ұстаз Гүлбану Тәліпқызын атап өткенді жөн көрдік.

Абайдың мұрасы ұрпақтан – ұрпаққа жеткен асыл қазынамыз. Оны жас ұр-

паққа кітап арқылы таныту – біздің негізгі мақсатымыз. Өйткені, рухани байлық адам бойына тек кітап арқылы ғана дариы. Абай ағамыздың өзі айтқандай: «Артық ғылым кітапта, Ерінбей оқып көру-

ге». Олай болса, асыл сөзді іздеп, адамдықты көздеп, ұлы классігіміздің шығармашылығынан сусындайық.

**Сауле АХМЕТҚЫЗЫ,**  
оқу залының  
кітапханашысы